

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу үшін қорғаныс объектілерін иеліктен шығару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 250 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 22607 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 12.06.2025 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Қүштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 26-27) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 12.06.2025 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу үшін қорғаныс объектілерін иеліктен шығару қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 12.06.2025 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің Әскерлерді пәтерлерге орналастыру бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы 22 сәуірдегі
№ 250 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу үшін қорғаныс объектілерін иеліктен шығару қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 12.06.2025 № 688 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу үшін қорғаныс объектілерін иеліктен шығару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптеске шығынды өтеу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – Қарулы Күштер) қорғаныс объектісін иеліктен шығару тәртібін айқындаиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) жауапты құрылымдық бөлімше – әскерді орналастыру, Қарулы Күштердің инфрақұрылымын күтіп-ұстасу және дамыту функциясы жүктелген тиісті сала уәкілетті мемлекеттік органының құрылымдық бөлімшесі;

2) жекеше әріптес – мемлекеттік занды тұлғаларды, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайзы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және акционерлік қоғамдарды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасаған дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе занды тұлға;

3) Қарулы Күштердің қорғаныс объектісі – Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемесіне жедел басқару құқығына бекітіліп берілген жылжымайтын мулік;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты – мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты тараптарының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленетін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және пайдалану арқылы бір немесе бірнеше әлеуметтік-экономикалық міндетті шешу мақсатында жасалатын жазбаша келісім;

5) тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі.

2-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартты бойынша жекеше әріптеске шығынды өтеу үшін қорғаныс объектісін иеліктен шығару тәртібі

3. Қорғаныс объектісі мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартты бойынша шығынды өтеу мақсатында жекеше әріптеске иеліктен шығарылады.

4. Жауапты құрылымдық бөлімше Қарулы Құштердің әскери бөлімдері мен мекемелерінің өтінімі бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартты бойынша жекеше әріптеске шығынды өтеу үшін Қарулы Құштердің иеліктен шығарылатын қорғаныс объектісінің тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастырады, ол тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының бірінші басшысына келісуге ұсынылады.

5. Жауапты құрылымдық бөлімше "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Құштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабы 2 -тармағының 26-28) тармақшасына сәйкес Тізбе әзірлейді.

6. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартты бойынша иеліктен шығарылатын қорғаныс объектісін бағалау Заңының 7-бабының 24-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Тізбені бекіткеннен кейін "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі мемлекеттік қабылданғаннан кейін Қарулы Құштердің иеліктен шығарылатын қорғаныс объектісі мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартты бойынша Заңының 22-бабы 2-тармағының 17-3) тармақшасына сәйкес пайдаланылмайтын деп танылады.

8. Қарулы Құштердің қорғаныс объектісін иеліктен шығару мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі мемлекеттік қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті қабылдау-беру актісімен (беру актісі) ресімделеді.

9. Мүлікті қабылдау-беру актісіне (беру актісіне) беруші және қабылдаушы тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары қол қояды.

10. Қабылдау-беру актісі (беру актісі) қазақ және орыс тілдерінде үш данада, қабылдау-беру актісін (беру актісін) ресімдеуге қатысатын тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалады.

Мемлекеттік-жекешелік
әріптестік шарттары бойынша
жекеше әріптеске шығындарды
өтеу үшін қорғаныс объектілерін
иеліктен шығару қағидаларына
қосымша
Нысан
БЕКІТЕМІН:

(қолы)

Мөр орны

Қабылдау-беру актісі (беру актісі)

Лауазымы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
____ 20 ____ жылғы " " _____

(қабылданатын (берілетін) объектінің атауы, орналасқан жері)
20 ____ жылғы " " ____ (елді мекен атауы)

Осы акт:

(объектіні қабылдау (беру) үшін негіз болып табылатын құжат атауы)
негізінде жасалды.

Біз, төменде қол қойған, беруші тарап құрамындағы комиссия:

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қабылдаушы тарап құрамындағы
комиссия:

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

объектіні қабылдауды (беруді) жүргіздік _____.

(қабылданатын (берілетін) объектінің атауы, орналасқан жері)

Қабылданған (берілген) сэтте объект

орналасқан.

(қабылданатын (берілетін) объектінің техникалық жай-күйі)

Тараптардың қабылданатын (берілетін) объект бойынша, оның ішінде құқық
белгілейтін, техникалық және басқа да құжаттама бойынша бір-біріне наразылығы
жок.

Косымша

(қабылданатын (берілетін) объект бойынша құжаттар тізбесі)
Беруші тарап комиссиясының мүшелері:

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қабылдаушы тарап комиссиясының мүшелері:

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК